

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ТЕЛЕРАДИО ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН БАЙЛАНЫС КАФЕДРАСЫ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ СПОРТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ ЖӘНЕ
МЕДИА КОММУНИКАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ спорт журналистикасының негізін қалаған
көрнекті қаламгер Сейдахмет Бердіқұловтың
90 жылдығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ



Астана, 2024 жыл

ӘОЖ 070(574)
КБЖ 76.0(5Каз)я431
Қ22

**Жалпы редакциясын басқарған «Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы –
Ректор, ҚР ҰҒА академигі Е.Б. Сыдықов**

Редакция алқасы: Сақ Қ.Ө. (төраға), Дүйсенғазы С.М.,
Байгожина Д.О., Омаров М.М., Сабыр Ә.Б. (жауапты редактор),
Мәулен Е.М., Алғалиева Г.С., Мүтәрбек А.

«Қазіргі қазақ спорт журналистикасы және медиакоммуникация мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.

Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 203 бет. – қазақ, орыс, ағылшын.

ISBN 978-601-337-927-2

Жинақта қазіргі қазақ журналистикасы мен спорт журналистикасының өзекті мәселелері және заманауи медикоммуникацияның даму тенденциялары талданған ғылыми мақалалар топтастырылған.

Журналистика және әлеуметтік ғылымдар саласын зерттеп жүрген ғалымдарға, докторанттарға, магистранттарға, студенттер және практик мамандарға пайдалануға ұсынылады. Басылымның мәтін, суреттерін автордың рұқсатынсыз пайдалануға болмайды. Мақалалардың мазмұнына редакция алқасы жауап бермейді.

ӘОЖ 070(574)
КБЖ 76.0(5Каз)я431

©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024

Все эти приемы способствуют развитию речевой компетенции. Учащиеся становятся успешными на творческих конкурсах, олимпиадах, участвуют в различных играх, конференциях.

Таким образом, при реализации языкового образования будущих журналистов в качестве ведущих концептуальных основ должны быть признаны и учтены коммуникативный и компетентностный подходы. Одним из результатов языкового образования спортивных журналистов является сформированность определенного уровня речевой компетенции, что выражается в их способности к полноценной и осмысленной коммуникации при подготовке спортивных обзоров, получении интервью, проведении репортажей.

Достижение указанного результата возможно путем применения различных технологий, методов и форм обучения диалогической и монологической речи, лексической, синтаксической и орфоэпической грамотности журналистов. Их использование и сочетание следует подчинять содержанию и цели педагогического взаимодействия, в данном контексте – формированию речевой компетенции обучающихся студентов.

Список использованной литературы:

1. Донская Т.К. Развивающая функция метода коммуникации в обучении русскому языку // Совершенствование работы по развитию речи школьников: Межвузовский сборник научных трудов. – СПб.: СПбГПИ имени А. И. Герцена, 2007. – 146-150 с.
2. Дорожкина О.А., Дронова В.Н. Социально-педагогические аспекты формирования диалогической компетентности младших школьников // Социально-экономические явления и процессы. – 2013. – № 1. – С. 259-264
3. Ладыженская, Т.А. Система работы по развитию связной речи учащихся. – М.: Просвещение, 2005. – 256 с.
4. Плеханова Т.Ф. Текст как диалог: монография. – Мн., 2003. – С. 200.
5. Современный словарь по педагогике / сост. Е.С. Рапацевич Мн., 2001. С. 179.
6. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: В 6 т. / Сост. С.Ф. Егоров. – М.: Педагогика, 1989. – Т. 4: Родное слово. – 528 с.

Сәуле Есенбекқызы Тапанова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы

Спорт басылымдарының жанрлық, тілдік-стильдік ерекшеліктері

Қазақ халқы қашаннан ұлттық спорт түрлеріне бай халық. Қазақша күрес, көкпар, қыз қуу, бәйге, аударыспақ, тағы басқа спорт түрлері бағзы

заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келеді. Күні бүгін де олар өздерінің мән-мазмұнын жойған жоқ.

Қазіргі таңда журналистердің алдына қойылған мақсаттардың бірі – салалық журналистиканың дамуы. Спорттық журналистика әлемнің көптеген елдерінде жеке сала ретінде қарастырылады және спорт журналистерін дайындайтын оқу орындарында арнайы факультеттері бар. Онда болашақ спорт комментаторын журналистикаға дайындаумен қатар спорттық ойындардың пайда болу, даму, қалыптасу тарихын оқыта отырып, спорт тақырыбына жазатын мамандарды дайындайды.

Салалық журналистиканың дамуы – әр саладан өз тақырыбын жетік білетін, маманмен бірдей деңгейде сұқбаттасып, талап етуге сауаты жететін кадрлардың көбеюіне ықпал етеді. Бір журналист өзіне жақын саланы толық меңгеріп, кәсіби бірдей немесе одан да терең деңгейде сұқбаттаса алса, мамандарға нақты сұраныс қою деңгейі өседі. Яғни, журналист кәсіби мамандардың терминін түсіну арқылы халыққа қарапайым тілде жеткізе алу үшін өзі де сол саланы жақсы игерген болу керек.

Осыған орай еліміздегі бүгінгі өзекті тақырыптардың бірі спорт журналистерінің қазіргі таңдағы деңгейі мен олардың сөйлеудегі тіл ерекшеліктеріне көңіл бөлу. Елімізде спорт сүйер жанкүйерлер қарасы көп болғанымен, күнделікті ақпаратты өз ана тілімізде жеткізетін журналистер аз.

Қазір әлеуметтік желі жалмаған, бүкіл адамзат атаулыны уысында темір тордай қаумалаған заман. Газеттердің орнына сайттарды оқиды. Жұрт керегін ұялы телефондарынан да оқитын кез. Одан бөлек, үштілділікке аяқ басқан еліміздің азаматтары ағылшын тілін еркін меңгерген шақта қазақша аударманы қажет етпей, «түпнұсқа» ағылшын тілінде футбол ойындарын көрмеуіне кім кепіл?

Сол кезде қазақ спорт журналистикасы қай жағада қалады? Бүгінгі әлемдік деңгейдегі кітаптар секілді, жастар орыс тілінде түсінетін болғасын қазақ тіліне аударудың қажеті де болмай қалады.

Дүниежүзілік хабар тарату жүйесінің бөлігі ретінде отандық радио мен теледидардың дамуы бүгінде өте жылдам қарқынмен жүріп жатыр. Сонымен қатар, біз ХХІ ғасырдың басында дыбыстық және көрнекі экспрессивті мүмкіндіктермен теледидар және радионың коммуникативті артықшылықтарын пайдалануда төңкеріс жасайтын революциялық және тұжырымдамалық өзгерістерді бастан кешірудеміз. Қазіргі жоғары технологиялық коммуникациялық ортада журналистердің бастапқы ақпараттық эмпирикалық материалмен жұмысының барлық мүмкін әдістерін таратудағы бұрынғы тәсілдер іс жүзінде сол сандық және сапалық таралуда қалды деп айтуға келмейді. Яғни, қазіргі кезде электронды БАҚ-та жұмыс істейтін журналист ақпараттық-аналитикалық және көркем-публицистикалық жанрларды қолдана алады (егер дәстүрлі жанрлық құрылымнан бас тартпаса).

Арна менеджерлері сұхбаттасқан тақырыптарға және АҚШ-тың маңызды бағдарламаларына назар аударған жөн. Тақырыптардың көпшілігі

басшылардың көңіл көтеруді, ең алдымен, толықтай пайдалы және тиімді экономикалық қызмет ретінде түсінетіндігін анық көрсетеді. Олар үшін іш пыстыратыннан басқа жанрлардың бәрі пайдалы. Сонымен қатар, медиа практиктер көбінесе «жанр» тұжырымдамасын оперативті тұрғыдан біршама ескірген және қолайсыз деп санап, «формат» және «мазмұн» терминдерін қолдануды жөн көретіндігін байқауға болады.

Ресми деректерге сүйенетін болсақ, Швейцария төрттілді мемлекет болып келеді. Яғни, төрт ресми тіл бекітілген – неміс, француз, итальян және реторомандық. Әрбір кантонның сөйлейтін тілдері әртүрлі. Мысалға, сіз Бернда жүрсеңіз неміс (Берндік неміс тілі) тілінде сөйлеп жүрген халықты көресіз. Осы Берннан Фрибургқа барсаңыз француз тіліндегі халықты кездестіресіз. Берн мен Фрибургтың арасы 25 минуттық жер екенін ескерсек, швейцариялықтар бір күні бір-бірін түсінбей кетеді-ау деген қауіпте жоқ емес. Сондықтан бастауыш сыныптан өз кантондарының тілінен бөлек екінші мемлекеттік тілді үйренеді.

Ал шет тілі ретінде ағылшын тілі оқытылады. Сонда Швейцарияның бір кантонының мектеп оқушысы бастауыш сыныптан үш тілді оқуға тиісті. Қазақстан саясатымен ұқсас дүние секілді көрінгенмен, ағылшын, француз, неміс тілі – гомогенді тілдер екенін есте ұстаған жөн.

Олар бір діннің айналасында дамыған, бір христиан өркениетінің тілдері. Барлығының айтылым-жазылымы басқа болғанымен, ортақ лексикасының түбірі бір. Қырғыз, қазақ, өзбек жиналып алып сөйлессек, бір-бірімізді түсінетіміз сияқты.

Сол секілді барлығы біртекті, сондықтан бір тіл басымдық алып кетіп жатса, басқаларына айтарлықтай нұқсан келтірмейді. Өйткені олардың түп-төркіні, тамыры біреу болғанымен қоса, заманауи еуропалық мәдениет үлгісі жағынан да бір: бірдей киінеді, бірдей ойлайды, дүниені бірдей таниды. Арасында аздаған айырмашылықтар болады, әрине. Ондай айырмашылық болмаса, ұлт болмайды ғой.

Еліміздегі тіл мамандары бүгінгі таңда спорт саласындағы сөздерді де қарастырып жатыр. Ең басты қойылатын талап – сөздің түп мағынасын жоғалтпауы. Әлемдік спорттағы терминдерді өз тілімізге аудару жөнінде спорт шолушысы Нұрғазы Сасаев: «Спорт терминдерін түгелдей аудару міндет емес. Өйткені қазақшаға аударылмайтын да сөздер бар. Мысалы гол, гимнастика, пас, рапира т.б. Алайда кейбір спорт терминдерінің қазақша баламасы болғаны да артық етпейді. Мәселен, офсайд – ойыннан тыс қалу, ринг – шаршы алаң», -десе, спорт журналисі Мадияр Арыстанбаев: «Спорт терминдері дәл қазіргі қазақ спортындағы үлкен мәселенің бірі болып тұр. Оның себебі де жоқ емес. Қазақ тіліне икемделе қоймайтын терминдер бар, мысалы, футболда «навес», «прострел» сынды сөздердің аударыла қоюы қиын. «Прострелды» комментаторлар «әуелете тастады», «әуелете асырды» деп айтады, алайда «прострелнизом» дегенді қалай айтамыз? - дейді [1].

Спорт терминдерін бірқалыпты айналымға түсіру ертеңгі күннің еншісінде болып тұр. Ал, қазіргі уақыттағы спорт комментаторлары ойын барысында әлемдік терминдермен «қақтығысқа» түсуге мәжбүр.

Қазіргі журналистерге ақпаратты жеткізу ғана емес, оны жеткізудің әдістері де маңызды.

Ең бірінші ақпаратты жеткізудегі жаңа жанрларға мән берейік. Мысал ретінде дата журналистика, яғни Date Story жанрын алайық. Бұл жанрдың негізінде бір кейіпкер және оның оқиғасы болады. Сол кейіпкер мен мен оқиға төңірегінде дата мен сандарды пайдалана отыра проблема көрсетілу керек.

Спорт журналистикасында қызмет ететіндер спортқа қызығушылығы бар журналист болғаны дұрыс. Кәсіби спортшылар көбіне тілге шорқақ болып келеді, ал журналистикаға қатысы жоқ, бірақ спортқа қызығатындар сөздік қорға кенде. Қазіргі қазақ спорт журналистика саласында осы мамандықты тәмамдамаған жандардың қарасы көп екенін ескере отыра, қазақ спорт журналистикасының атасы Сейдахмет Бердіқұлов шығармалары арқылы тілді байытуды жөн көрдік.

«Екінші жұрт күтпеген ғаламатты футбол әлемінде буыны бекімеген нәресте Корей Демократиялық Республикасының футболшылары көрсетті... Жеңіс дегенде баяғы батырлардың қазан атындай атырлатын корей жігіттері осы чемпионатта алтын алмаса да күмісті қолдан бермейді дескен Италия құрамасын жерге қаратты... Міне, 32 спектакль үстінде қым-қуыт талай жайлар болды. Футбол тағының тәжін кию оның күндей күлімдеген алтын кубогын алу инемен құдық қазғандай қиын екені де жұртқа тағы да паш етілді» [2].

«Футбол әлемінде буыны бекімеген нәресте» тіркесін ешқандай спорт тақырыбындағы сайттардан кездестірмейсіз. Ал өзге мағынада: «Буыны бекімеген икемсіз саусақтарын ананың жылы төсіне жүгіртіп, ана сүтін қылқ-қылқ жұтып жатқан нәрестенің құлағына алдымен ана сөзі естіледі. Ана сүті баланың қанына тарап, ана сөзі баланың сезімін оятады» [2].

«Буыны бекімеген» тіркесі икемсіздеу, қатаймаған деген мағынада көбіне қолданылады. Сейдахмет Бердіқұлов футбол әлемінің нәрестесі деп Корей Демократиялық Республикасын атауының негізгі себебі – сол кезеңдегі (қазіргі уақытта да жағдай өзгермеді) футбол театры сахнасының саңлақтары, дүйім жұрт үміт еткен құрамалар қатарында болмауы. Американың солтүстік және оңтүстік құрлықтары, Еуропа мемлекеттерінің құрамалары – өзгермей келе жатқан фавориттер. «32 спектакль» тіркесін автор 32 матчқа теңеп отыр. Әр матчтың театр қойылымы секілді өз режиссеры, әртістері және көрермені бар. Эмоцияға толы сахнасы – жасыл алаң.

Сейдахмет Бердіқұловтың қазақ тілінде жазған футбол тақырыбындағы шығармасынан әр комментатор өзіне керек дүниені толығымен таңдай алады. Соның бірі «футбол тағының тәжін кию» тіркесі болса керек. Сөзіме дәлел ретінде:

«Ел чемпионы мерзімінен бұрын анықталды. Қайрат араға 16 жыл салып Қазақстан чемпионатында топ жарды. ҚПЛ-дегі ендігі тартыс жүлделі үштік пен жоғарғы лигадағы орнын сақтап қалу мақсатында өтеді» [2].

Ең бірінші мақаладағы «жоғарғы лигадағы» тіркесіне мән берсек. Біз «Жоғарғы сот» деп айтамыз, бірақ өзге сөздермен «Жоғары лига» деп қарастырамыз. «Жоғарғы» сөзі тек екі тіркесте пайдаланылады.

Футболдан Қазақстан Премьер лигасы өз мәресіне жетіп, алты жыл бойы чемпиондықты бермей келе жатқан «Астана» футбол клубын алматылық «Қайрат» жеңіп шықты. Бұл – қазақ футболындағы үлкен өзгеріс. Жоғарыда дәл осы тақырыпты «prosports.kz» сайты қалай жариялағанын ұсынып отырмын. Сөзге сараңдық па, әлде заман талабы ма? SMM мамандары, копирайтерлер мәтінді, ақпаратты мейлінше қысқа, түсінікті жазу керек дейді. Халыққа түсінуге оңай, қысқа, шайнап берілген материалдар ұсыну арқылы аналитикалық ойлануын БАҚ төмендетіп алмайды ма? Неге біз «Қайрат» клубы футбол тәжін араға он алты жыл салып киіп отыр" деп айта алмаймыз? Бұл алматылықтардың ғана емес, жалпы қазақ қуанышы. Себебі ұлттық құрама аяқдопшыларының көбі дәл осы команданың сапында ойнайды.

«Командаға таяныш болу үшін біз істемеген тірлік қалған жоқ» [2].

Командаға барынша қолдау көрсететін жандарды біз «жанкүйер» дейміз. Синонимдес сөздерді көп қолдана бермейміз. Автор қолданған «таяныш» сөзі қазақ сөздігінен киіз үй, уық, кереге, сықырлауық сынды сөздер арқылы таныс. Таяныш қылуға барлық ағаштар түрі жарай бермейді. Сол секілді командаға да әр айтыла салатын сөздер немесе кейде ғана келіп құр айқай салатын жанкүйерлер тірек бола алмайды. «Он үшінші сектор», «он екінші ойыншы» сынды жанкүйерлер тобын команданың таянышы деп айта аламыз. Спорт журналистерінің қоржынынан осы сөз көрінсе жанкүйерлерге де жаңа сөздік қосылар еді. Бірақ бұл ғана емес, автор осы еңбегінде былай да көрсетеді:

«1954 жылы Швейцарияда венгерлердің бразилиялық былғары доп сиқырларын соққыға жығып, ширек финалға өткізбей тастағаны ешкімнің де қаперінде болмады. Ойынның алпыс бесінші минуты. Мұны Венгрияның футбол тілеулестері ұмытпайды».

Қазақ тілді комментаторлар трибунадағы жанкүйерлерді өзгеше синонимдес сөздермен атағанын кездестірмейміз. Бірақ бір шығарманың өзінде әртүрлі атауларын көріп отырмыз. Сейдахмет Бердіқұловтың «Тұйғын» еңбегінде тағы да өзге синонимдерді кездестіре аламыз, солардың бірі төмендегі мысалда:

Иә, спорт құмарпаздар, енді бас жүлде біздің қолда десек те болады [3]. Telegram әлеуметтік желісінде «Termincom.kz» боты жұмыс істейді. Қалаған сөзіңізді жазу арқылы аудармаларын таба аласыз. Қазіргі кездегі қазақ тілді сөздердің аудармасындағы белсенді қосымшалардың бірі ретінде қарастырылады.

Бірақ сіз осы қосымшаға «болельщик» деп жазып, қазақша баламасын іздесеңіз тек «жанкүйер» аудармасын табасыз. Өкінішке қарай, аударма мен лингвистика белсенді дамымай тұрғандықтан, керекті әдебиеттер арқылы өз салаңызды дамытуға үлес қосыңыз. Ал «жанкүйерлерді» біз футбол тілеулестері, спорт құмарпаздары, команда таянышы деп та атай аламыз.

«Уругваймен қатты шайнасып, қатты тартысып, Англия құрамасының қылышы өтпегенде телекомментаторлар Рамсейді ортаға салды, қыспаққа алды. Жүрегі дір етпестен «Біз жеңеміз. Басқаны мен білмеймін» дегеніне қайта басты. Бар жұрт (ағылшындарды білмеймін) қарқылдап күлді. Кейін де әр топтағы ойын біткенше күліп жүрді жұрт. Өйткені Рамсейдің бәйгеге қосқан аты көсіле алмады, тұяқты серпе тастамады. Көштен қалмаса да тұлпардай кулеп кете алған жоқ» [3].

Әдеби сөздерді қолдану қазіргі таңдағы журналистерге тән емес. Оның үстіне сайттар мен әлеуметтік желілерге жазатын журналистер мүлде қысқа әрі нақты факттармен жазуға тырысады. Неліктен онда біз бұрынғы жазылып кеткен көркем сөздерді спортта қолдану керекпіз деген сынды ой келуі әбден мүмкін. Бірақ ғылыми еңбектің негізгі ойы да журналистер сөздік қорын байыту болатын. Естіген жанкүйерлер таңқалып, түртіп қоятындай қызықты болуы шарт.

«Жасыл алаңда «Астана» футбол клубы мен алматының «Қайратты кездесті. Қазіргі қазақ футболының эл-классикосы десек те артық кетпейміз. 1-ші тайм аяқталғалы жатыр, бірақ екі фаворит команданын бір-біріне қылышы өтпей жатқан секілді. Әлде шабуылшылар бәйгеге қосылған аттай көсіле алмады ма түсініксіз».

Жоғарыда әдеби көркем сөздерді комментатор қалай қолдануы мүмкін деген сұрақтың нақты жауабы көрсетілген. Қолданылу аясы әр комментатордың тек -өзіне байланысты. Біреу үшін осы сөздер тұрпайы көрініп, құлаққа жағымсыз естілуі мүмкін. Ал енді біреуі ақылға санап, кеңінен көсіліп төгілуі мүмкін. Сонда бізге қазақ спорт комментаторларының әртүрлі бейнелері көрінеді.

Бразилия мен Болгария кездесуінде самаладай ойыншылар ортасынан Пеле мен Гарринчаның доп соққаны естен тандырып еді. Эйсебио ондайға өзінің де шебер екендігін айтып салды. Осы бір аяқты арғымақша тастайтын доп аяққа ілігер-ілікпестен қалай болса-солай еркін гүрс еткізетін, бір сәт билеп тұрып тактикалық бүтін бір шырғалаң есеп шешетін жігіт көп жұлдыздың ішінде ерекше жарқырады. Біз аяғына доп тигенде сұр жебедей зулап кететін Альбертті (Венгрия), футболдың қол жетпес шынары Пелені қозғалтпаған Висенте Лукачты (Португалия), «Кәне, маған доп жеткізіндер!» деп тұрмайтын шабуылға да, қорғанысқа да бесаспап Бобби Чарльтонды (Англия), басқа келген допты ешкімге бермейтін төртбақ Зеелерді (ФРГ), алаң ортасында өрнек сызған Колуна (Португалия) мен Мурды (Англия) көрдік [3].

Ең бірінші «самаладай» сөзіне тоқталайық. Әдетте өмірде жиі ести бермейтін сөздердің бірі. Уикипедия сайтында сөздің мағынасы туралы былай көрсетілген:

«Біздің түсінігімізде нұр шашқан сәуле сияқты жап-жарық, жарқыраған.

«Түнде Қалқаман даласынан самаладай оттар жарқырайды» (Ә. Нұршайықов, Жер.).

Сөздің шыққан төркінін араб тілі деуге тура келеді. Арабтарда шамес – күн мағынасын береді. Байқауымызша, парсы тілінеарабтарданауысса керек, бұларда «сәмави» тұлғалысөз «көкшіласпан» мағынасында қолданылады. Мұнда алғашқы араб тіліндегі мағынағаөзгеріскіргенікөрініптұр.

Ал арабтың «шамес» сөзі қырғыздардың қолданылуында «шамана» болығы айтылып, мағынасын – шырақ, факел деп өзгерткен.

Қазақтар араб сөзін «самала» тұлғасына дейін өзгерте отырып әрі -дай жұрнағын қосып, «самаладай» сөзінтудырған да, мағынасына да өзгеріскіргізген. Тура мағынасынайтсақ, «самаладай жарық» тіркесі «күндей жарық» қалпында ұғынылмақ [2].

Яғни, Сейдахмет Бердіқұлов өз еңбегінде жарқыраған ойыншылар ішінде, жұлдыздардың ішіндегі жұлдыздар деп арнайы Пеле мен Гарринчаның биіктігіне нұқсап отыр.

Ал қазіргі қазақ спортындағы самаладай ойыншылар кім? Меніңше ұлттық құрама сапындағы Бахтиер Зайнутдиновты айта аламыз. Өкінішке қарай қазақ футболында есімі Пелемен қатар тұратындай ойыншы жоқ.

Келесі «доп соққаны» тіркесіне тоқталамыз. Танымал қазақ спорт журналистикасының ардагері, ұстаз Дүрәлі Дүйсебай: «допты аяқпен тебеді, баспен салады» дейтін. Соққыны қолмен істейді. Егер дәл осы сөз тіркесі стилистикалық түрде дұрыс емес деп тапсақ, онда дұрысы – «доп тепкені естен таңдырып еді». «Шымкент келбеті» сайтына берген сұқбатында Дүрәлі Дүйсебай ашық тоқталып түсіндірген:

«Ал біздебір комментатор бірнеше спорт түрін жүргізе береді. Өйткені маман аз. Сәлертеректебелгілі спорт комментаторы Асхат Сағынаев «бойшаң бойлы» деген тіркесті жиі қолданатын. Бұл екеуі синоним сөздер ғой.

«Бойшаң» деген «бойлы, бойыұзын» дегенді білдіреді. Біз де ескерттік, басқалар да айтып жүрді. Қазір бұл тіркес Асхаттың сөз қолданысында жоқ.

Белгілі журналист Сәкен Сыбанбай сөз еткендей, «ойын тәртібін бұзу орын алды», «алжирліктер допты жоғалтып алды», «енді келесі ойынды жіберетін болды» және т.б. калька тіркестердің өріп жүретіні несі? «Ойын тәртібі бұзылды», «доптан айырылып қалды», «келесі ойынға қатыса алмайды» десе де болады ғой. Бокста «алдыңғы қол», «артқы қол» деген тіркестер қолданылып жүр. Алға созып жүретін қол – алдыңғы, негізгі соққы жасайтын, сәл артқа тартылған қол артқы қол.

Осылай деп айтқанға ептеп құлақ үйренді. Қазақша дұрыс болмаса да. Енді «алдыңғы аяқ», «артқы аяқ» деген шықты. Спортшыны төртаяқты жануарға теңемей-ақ, бұған да келісер едік, бірақ мұнда екі аяқ жұдырықтасу

үстінде бірде алға, бірде артқа кетіп, орын ауыстырып тұрады. Сондықтан «алдыңғы аяқ», «артқы аяқ» деген келе бермейді. «Гол соқты» дейміз. «Гол салды» дегенді сирек айтатын болдық.

Негізі допты баспен соғуға болады. Бокста қолмен соғады. Футболда аяқпен тебеді. Әркімнің сөзі де, өзі де өз орнында болуы керек» [4].

«Сұр жебедей зулап кететін» тіркесі бізге таныс болғанымен жылдам қозғалатын аяқдопшыларды сипаттап, осы тіркесті немесе осыған ұқсас мағынадағы сөздерді қолданғанын байқамаппыз. Әлем футболындағы «ПСЖ» футбол клубының шабуылшысы Мбаппе турасында «найзағайдай атылды» немесе «сұр жебедей зулап кетті» деген тіркестерді қолдануға әбден болатын секілді.

Келесі «алаң ортасында өрнек сызған» тіркесіне тоқталайық. Автордың не туралы айтып отырғаны белгілі. Финт жасау, алдау, әдемі ойын өрнегін көрсету, жанкүйерлерін көзін тойдыру, көрерменнің көзіне ләззат сыйлау. Сейдахмет Бердіқұлов қалай әдемі жеткізгені ашып айтпасақ та түсінікті.

Бәленбай жыл бәленбай жарыстардың жүлдесін қидай сыпырып жүргенге мәз болмапты біздің жас әріптесіміз. Архитектордың көзімен тоқи жүріпті көргендерін [2].

Қидай сыпырып тіркесін күнделікті өмірде біз қолдана бермейміз. Бірақ көркем әдеби еңбектерде жиі кездесетін сөздердің бірі десек қателеспейміз. Сол үшін төменде өзге еңбектердегі қолданысын ұсынамын:

«Өткен ғасырдың басындағы талай қанды қасап қырғында қаншама қазақ патшалы Ресейдің, кеңестік жүйенің қолымен қидай сыпырылып кете барған жоқ па еді? Әр шаңырақты сол заманнан бір өкініш, бір үміт алға жетелеп келе жатқаны анық...»

Орыстардың «тәбет ас алдына келгенде ашылады» деген сөзі рас секілді, Астанада аста-төк құрметке бөленіп жатқан «Жеңістің» президенті Г.О. Лория сол бақытты сәтінде бүкіл 21 ғасырдың қайталанбас жаңалығы болар мынадай қанатты сөз айтты: Мен Қазақстан командаларының сапына алынатын келімсек ойыншылар (легионер) санына шек қоды қажет емес деп ойлаймын. Оны заң жүзінде алып тастау қажет! [5].

Журналист атаулыдан тарыдай нәрсе тығылып қалмайтынын талай тексерген. Жаттықтырушылар жіптің ұшын тұңғыыққа тығумен әуре, ал журналистер жеті қат жер астына көмілген құпияныаршып тауып, алақайлап айтумен әуре. Мәңгі итжығыс.

Жоғарыда айтылған ойымызды қорытындылай келе, спорттың қай саласы болмасын жариялықты жақсы көрмейді. Бүгінгі қазақ спорт журналистикасы әдебиетке, тілге емес, тек қана спортқа деген қызығушылығы бар жандардан тұрады.

Бұл жағдай осы саладағы білім деңгейін төмендетіп, журналистік көзқарас жағынан аналитика мен нақты аргументті шындық мақалалар легін азайтып отыр. Оларға жанкүйердің алаңдағы қойылымда не болғанын көргені ғана жетеді. Бірақ бар шындыққа көзді ашатын, ақпаратты тұңғыығымен жеткізу тек журналистің қолында.

Ал алаңдағы әр матчтың көрерменнен бұғып қалған сәттерін көруге спортты сезіну керек, халыққа жеткізуге сөздік қор керек. Қазақ спорт журналистикасына бет бұрған әр азамат Сейдахмет Бердіқұлов шығармалары арқылы тілін байыту өзіндік парызы деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Несіп Жүнісбайұлы. Намыс жыртар ұл қайда. -Алматы "Білім". - 2003. -57 б.
2. Сейдахмет Бердіқұлов. Жұмыр жерде теңбіл доп. -Алматы, "Жазушы" баспасы, 1972. -127 б.
3. <https://prosports.kz>
4. "Шымкент келбеті"
- 5.7 күн /"Спорт журналистикасының бүгіні: проблемалар, жетістіктер, мамандардан кеңес" / <https://7kun.kz/17233> С.Бердіқұлов. Тұйғын Wikipedia.
6. Қазақ спорты газеті.
7. Азаттық радиосы/ "Қазақстанда спорт журналистикасы кенжелеп қалды".

Мұхит Мүрсәлиұлы Омаров

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты

Спорттық БАҚ және маркетинг принциптері

Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі ақпараттық нарығы журналистерден нарықтық экономика заңдылықтарына жүгінуді, кәсіпкерлік бастаманы дамытуды талап етеді. Сонда ғана баспасөздің әдеттен тыс жағдайына бейімделуге мүмкіндік туады. Өмір шындығы өткізу нарығы үшін қатаң бәсекелестік күреске қатысуды талап етеді. Өнімнің жеке журналистік сапасына, тауар – газет таралымын өткізуді мейлінше арттыру мәселесін оңтайлы шешу үшін өнімді өндіруге жұмсалатын шығынды қалай азайтуға болатынына көңіл бөлу қажет. Өндірілген өнімді қанағаттандырырлық коммерциялық нәтижемен өткізу соңғы нәтиже болып табылады. Бұл міндетті газет маркетингіне ерекше көңіл бөлетін басылымдар ғана жүзеге асыра алады. Маркетинг деп мерзімді басылымдар нарығын зерттеуді, ондағы газет орнын анықтау және оны нарыққа өткізуді, оқырман аудиториясы мен бәсекелестерін зертеуді айтады.

Маркетингтік қызмет нарықпен бірге жасасып келеді. Алайда, осы салада анықталған заңдылықтарды саналы түрде қолдану екінші дүниежүзілік соғыстан соң ғана пайда болды. Бүгінде үрдіс көп жағдайда «маркетинг» ұғымымен түсіндіріледі. Қазіргі уақытқа дейін орныға қоймаған ол үздіксіз толығып, қызметтің жаңа салаларын қамтуда.